

**2024 жылдың 27 наурыз-25 сәуір аралығында ҚР ОМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес Орталық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуды анықтау мақсатында, қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдамалық анықтамасы**

2024 жылғы 29 сәуір

ҚР ОМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы: ҚР ОМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК (бұдан әрі – Орталық).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негіздемесі: Бас директор міндетін атқарушының ҚР ОМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы, комиссия құрамын бекіту туралы» 2024 жылғы 20 наурызындағы № 45 Бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі: 27.03.-25.04.2023 жыл.

Орталық қызметінің талданатын кезеңі: 2023 жылдың 4 қаңтар – 29 желтоқсан аралығы.

Орталық қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін орындауға бірыңғай тәсілді қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жүйелі жұмысты іске асыру мақсатында ҚР ОМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Ереже, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Стандарт, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Саясат, Корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі, Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты әзірленді және бекітілді.

Барлық материалдар ҚР ОМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК [pprcfk](http://pprcfk.gov.kz) сайтында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі» айдарында орналастырылған.

Орталықта «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері туралы Орталықтың 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес



қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, сондай-ақ Орталықтың қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолданудың тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстар тұрақты түрде жүргізілді.

2023 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша 6 кеңес өткізілді (08.01.2023 ж., 24.02.2023 ж., 19.04.2023 ж., 22.06.2023 ж., 21.07.2023 ж. 18.09.2023 ж., кеңестердің хаттамалары бар). Орталықтың ресми интернет-ресурсының мониторингі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ҰҒПДТО іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы ақпарат» бөлімінде 2023 жылы іске асырылған іс-шаралар туралы мәліметтердің болуын көрсетті, сол арқылы ресми интернет-ресурста орналастырылған ақпараттың толықтығы мен өзектілігі қамтамасыз етілді. 2023 жылға Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі Орталықтың іс-шаралар жоспары бекітілген. (06.01.2023 ж.) Сонымен қатар, Сенім жәшігі туралы Ереже (№ 10 бұйрық, 04.01.2023ж.) және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы қызметкерлерге арналған жадынама (№ 11 бұйрық, 04.01.2023ж.) әзірленген.

2023 жылғы 2-31 мамыр аралығында Орталық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуды анықтау мақсатында, қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 2022 жылдың 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығындағы мерзімге ішкі талдау жүргізілген. Ішкі талдау ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес ішкі талдау жүргізу, жұмыс тобын құру туралы Орталық бас директорының 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 105/1 бұйрығы негізінде жүргізілген. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесі, ішкі талдау жүргізу нәтижелерін жария талқылау хаттамасы, ішкі талдамалық анықтама, ішкі талдау нәтижесі бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары кестеге сай уақытылы толтырылып, өткізілген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Орталықтың қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Орталықтың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

#### **I. Орталықтың қызметіне қатысты ішкі нормативтік актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Талдау барысында Орталықтың және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін Жарғы мен ішкі нормативтік актілер зерделенді.

2023 жылы негізгі қызмет бойынша 280 бұйрық, жеке құрам бойынша 282 бұйрық шығарылған.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелерді талдау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ.



## **II. Орталықтың ұйымдастырушылық басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Орталықтың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде зерттелетін кезеңде мынадай қызмет бағыттары:

### **1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау.**

Орталықтың кадрларын іріктеу тәртібі ҚР Еңбек кодексіне және «Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы мен педагогын қоспағанда, азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1017 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Бос лауазымға орналасуға кандидаттардың құжаттарын қараудың ашықтығы үшін орталықта комиссия құрылды, конкурстық іріктеу қағидалары бекітілген (12.01.2022 ж. № 6 бұйрық). Конкурсқа қатысу үшін кандидат белгілі бір құжаттар топтамасын ұсынады, міндетті түрде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 32-бабының 3-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама ұсынады.

Жаңадан қабылданған қызметкерлермен еңбек шарты жасалған, онда тараптардың құқықтары мен міндеттері көрсетіледі, оның ішінде Орталық қызметкерінің қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуі туралы тармақ көзделген. Сондай-ақ, қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер туралы келісімді қабылдайды.

Орталықта есепті кезеңде (04.01.2023 - 29.12.2022ж. аралығында) 35 қызметкер жұмысқа қабылданған. Осы кезеңде 15 қызметкер жұмыстан шығарылды. Жұмыстан шығарудың негізгі себебі-қызметкердің бастамасы.

Тәртіптік жауапкершілікке 3 қызметкер тартылған. Орталық бас директорының 11.07.2023 жылғы №279 бұйрығымен аға әдіскер А.С. Бисембаеваға Е-өтініш жүйесі арқылы келген хаттың мерзімін өткізіп алу бойынша, 29.12.2023 №279 бұйрықпен бас бухгалтер К. Ералиева мен жетекші сарапшы Ж. Сағатовқа ескерту түріндегі тәртіптік жаза 2023 жылғы 20 желтоқсандағы аудиторлық тексеру қорытындысы негізінде қолданылған. Орталық қызметкерлерінің жұмыс өтілін есептеу тәртібі білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметкерлеріне мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу қағидаларына сәйкес жүргізіледі (ҚР Білім және ғылым министрінің 2010.06.14 № 302 бұйрығы). Бас директордың бұйрығымен жаңадан қабылданатын қызметкерлердің еңбек өтілін белгілеу жөніндегі комиссияның құрамы 2023 жылғы 4 қаңтардағы №4 бұйрығымен бекітілген. Сонымен қатар, Орталықтың барлық қызметкерлерінің еңбек өтілі жыл сайын қайта қаралады.

### **2. Мүдделер қақтығысын реттеу.**

Орталықтың қызметкерлері мен лауазымды адамдарының мүдделер қақтығысын ҚР ОМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты (20.01.2023 ж.) және



республикалық бюджеттен:

- Мемлекеттік тапсырма бойынша – **249 648 мың теңге**;
- Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы мемлекеттік органдарға (ҚР ЖК) қызметтерді іске асырудан:
  - **1 208 265 мың теңге** (орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру мұғалімдеріне арналған «дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметтер қазақ және орыс тілдерінде білім беру. Курс тыңдаушыларының саны: 11 982 адам);
  - **65 546 мың теңге** («Мектепке дейінгі білім беру педагогтарының, тәрбиешілері мен дене шынықтыру нұсқаушыларының кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту» білім беру бағдарламасы бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу. Курс тыңдаушыларының саны: 650 адам);
  - **45 015 мың теңге** (Техникалық және кәсіптік білім беретін дене шынықтыру педагогтеріне арналған «Техникалық және кәсіптік білім беретін дене шынықтыру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту». Курс тыңдаушыларының саны: 496 адам);
- мемлекеттік органдарға (ҚР ҰӘК) мемлекеттік сатып алу порталы арқылы – **523 102 мың теңге** (Лейк - Плэсид қаласында (АҚШ) XXXI Дүниежүзілік қысқы Универсиада, Қазақстан Республикасының Жазғы Универсиадасы, Чэнду қаласында (Қытай) XXXI Дүниежүзілік жазғы Универсиада, II Түркі Универсиадасы).

#### **7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.**

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың 2023 жылға арналған жылдық жоспарымен бекітілген Мемлекеттік сатып алудың жалпы көлемі 391 854,18 мың теңге (ҚҚС-сыз) құрайды.

Орталықтың 2023 жылға арналған мемлекеттік сатып алудың жылдық Жоспары Бас директордың 2022 жылғы 29 желтоқсандағы №141 бұйрығымен бекітілген.

2023 жыл ішінде: № 1, 37, 38, 55, 62, 71, 76, 80, 92, 100, 113, 123, 129, 135, 139, 143, 144, 150, 162, 169, 171, 176, 178, 181, 202, 207, 217, 226, 233, 236, 238, 243, 254, 256, 263, 265, 266, 274 Бұйрықтармен Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2023 жылға жалпы сомасы 446 075,68 мың теңге (ҚҚС-сыз) мемлекеттік сатып алу Веб-порталы арқылы тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер сатып алынды, оның ішінде:

- Алдын ала біліктілік іріктеумен конкурс – 5 350,00 мың теңге;
- Электрондық дүкен – 1 584,00 мың теңге;
- Баға ұсыныстарын сұрау – 41 520,94 мың теңге;
- Өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден – 8 308,96 мың теңге;
- Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден – 389 311,78 мың теңге.

#### **8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.**

2023 жылдың 5 мамырынан бастап заңды және жеке тұлғалармен хат алмасу «Құжаттамашы» жүйесі арқылы жүргізілген. 2023 жылдың 5 мамыр- 31 желтоқсан аралығында жүйе арқылы 215 хат кірген, 380 хат шыққан. Азаматтардың



өтініштерін қарау рәсімі «Е-өтініш» порталдары арқылы жүргізіледі. 2023 жылы «Е-өтініш» порталына 24 өтініш түскен. 1 өтінішке жауап беру мерзімі өтіп кеткен. Осы жағдайға байланысты жауапты қызметкер аға әдіскер А.С. Бисембаеваға ескерту түріндегі тәртіптік шара қолданылған. Сонымен қатар, Орталықтың фейсбук және инстаграм әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларына тұрақты түрде сұрақтар, өтініштер келіп түседі және уақытылы жауап қайтарылады. Орталық электрондық еңбек биржасы порталында тіркелген, барлық еңбек шарттары, енгізілген өзгерістер, қосымша шарттар порталға енгізілген. Орталықтағы бос лауазымдар туралы интернет-ресурстарда, электрондық еңбек биржасы порталында жарияланады.

### **9. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.**

Басқа мемлекеттік органдарға ұсынылатын есептердің тізбесі: - даму жоспары (Ф-14); - салықтар және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер бойынша есеп: жылдық (Ф100 корпоративтік табыс салығы бойынша Декларация; Ф 700, 701 көлік құралдарына салынатын салық, жер салығы және мүлік салығы бойынша декларация); тоқсандық (Ф 200 - жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация, Ф 300 - ҚҚС бойынша декларация, Ф 870 - қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлем бойынша декларация); - статистикалық есептер (2 – МП (жылдық), 1-инвест. - негізгі капиталға инвестициялар туралы есеп; 2 - МП - (тоқсандық); 1 – инвест. (ай сайын).

Есептердің мынадай түрлері: қаржы-шаруашылық қызмет бойынша жылдық есептілік (бухгалтерлік баланс); Ф100-корпоративтік табыс салығы бойынша декларация; әлеуметтік Қаржы министрлігі статистикалық есебі(обр) - білім беру, денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету ұйымының қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы есеп және даму жоспарының орындалуы бойынша есеп (Ф-14); түгендеу активтер, оның ішінде Үй-жайлар мен автомобильдер (жылдық) қалыптасу сатысында.

Сонымен қатар, «Consulting & Audit» ЖШС 2024 жылғы 15 наурыздағы № 29 Мемлекеттік сатып алу шартына сәйкес Орталықтың 2023 жылға арналған бюджет қаражатын пайдалану мәселесі бойынша қаржылық есептілік аудитін және «ZHENIS-AUDIT» ЖШС 2023 жылғы 5 мамырдағы № 53 Мемлекеттік сатып алу шартына сәйкес арнайы мақсаттағы аудитті жүргізді.

### **III. Қорытынды бөлім.**

Орталық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша орталықта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша одан әрі жүйелі жұмыс жүргізу мақсатында жұмыс тобы төмендегідей толықтырулар енгізуді ұсынды:

Орталық қызметкерлерінің ұжымдық, еңбек шартына және лауазымдық нұсқаулықтарына (не қосымша келісім жасасуға) келесідей сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауы туралы:



- өз функцияларын орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді енгізуге;

- лауазымды адамдардың жақын туыстарымен (ата-анасы (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері), жұбайлары мен жекжаттарымен (жұбайының бауырлары, апа-сіңлілері, ата-аналары және балалары) бір бөлімде болатын лауазымдарда болуына жол берілмейді (ерлі - зайыптылар));

- мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын ақпаратты пайдалану;

- заңнамаға сәйкес лауазымдық өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдау;

- Орталық қызметкерлері қазимемлекеттік сектор тұлғалары үшін белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау жөнінде шаралар қабылдасын;

- комплаенс-офицер жүйелік әкімшімен бірлесіп [pprpfk.kz](http://pprpfk.kz) сайтындағы «ҚР ОМ «ҰҒПДТО» РМҚК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі» айдарының мазмұнын үнемі толықтырып отырсын;

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері орталықтың [pprpfk.kz](http://pprpfk.kz) сайтындағы орналастырылсын.

**Бас директордың  
міндетін атқарушы**



**С. Куптилеуова**

Келісілді:

Рысбекова Р.К. – бас директор орынбасары;

Мамырханова А.М. - Зертхана жетекшісі;

Кульдыбаев К.Б.- штаттан тыс сарапшы;

Бектурганова А.Н. - бас экономист;

Даулетбаева Б.Ж. - комплаенс-офицер.